

Жарқайың аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 5С-19/3 " Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 наурыздағы № 5С-32/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 15 сәуірде № 4100 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 5С-40/13 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 30.03.2015 № 5С-40/13 (қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6 бабына, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі Заңының 97 бабына, «Тұрғын үй көмегін көрсету Ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес Жарқайың аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. Жарқайың аудандық мәслихаттың 2013 жылғы 22 сәуірдегі № 5С-19/3 « Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3738 болып тіркелген, 2013 жылғы 24 мамырда аудандық «Целинное знамя» газетінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер е н г і з і л с і н :

Жарқайың ауданында тұратын аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсету қағидасының қосымшасындағы 1 тармақтың бесінші а з а т ж о л ы а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;

2 тармақ жаңа редакцияда баяндалсын:

«Аз қамтылған отбасылардың (азаматтардың) тұрғын үй көмегін есептеуге қабылданатын шығыстары жоғарыда көрсетілген бағыттардың әрқайсысы бойынша шығыстардың сомасы ретінде айқындалады.

Тұрғын үй көмегі телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін

абоненттік төлемақының, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үй-жайды пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған шығыстарға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға нормалар шегінде ақы төлеу сомасы мен отбасының (азаматтардың) осы мақсаттарға жұмсаған шығыстарының шекті жол берілетін деңгейінің арасындағы айырма ретінде а й қ ы н д а л а д ы .

Жарқайың ауданында тұрақты тұратын адамдарға тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған ай сайынғы және нысаналы жарналардың мөлшерін айқындайтын сметаға сәйкес, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға арналған коммуналдық қызметтер көрсету ақысын төлеу, жеткізушілер ұсынған шоттар бойынша тұрғын үй көмегі бюджет қаражаты е с е б і н е н к ө р с е т і л е д і .

Телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының , жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалға алу ақысының ұлғаюы бөлігінде тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстауға, коммуналдық қызметтер мен байланыс қызметтерін тұтынуға жұмсалған төлемдердің шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының (азаматтың) жиынтық табысының 11 пайызы мөлшерінде белгіленеді. » ;

10 тармақтың 7) тармақшасы алынып тасталсын.

2. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

А у д а н д ы қ м ә с л и х а т
сессиясының төрағасы Н.Рахимов

хатшысы Ұ.Ахметова
А у д а н д ы қ м ә с л и х а т т ы ң

«КЕЛІСІЛДІ»

Жарқайың ауданының әкімі А.Үйсімбаев